# Туризм статистикасы бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2013 жылғы 12 тамыздағы № 186 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 10 қыркүйекте № 8694 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының м.а 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 83 бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының м.а 12.12.2014 № 83 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз.

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 2) және 7) тармақшаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Мыналар:

1) «Орналастыру орындарының қызметі туралы есеп» жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (коды 0951102, индексі 2-туризм, кезеңділігі тоқсандық) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес;

2) «Орналастыру орындарының қызметі туралы есеп» жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (коды 0951102, индексі 2-туризм, кезеңділігі тоқсандық) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес;

3) «Үй шаруашылықтарының сапарларға жұмсаған шығыстары туралы зерттеу сауалнамасы» жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (коды 0962104, индексі Н-050, кезеңділігі жылдық) осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес;

4) «Үй шаруашылықтарының сапарларға жұмсаған шығыстары туралы зерттеу сауалнамасы» жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (коды 0962104, индексі Н-050, кезеңділігі жылдық) осы бұйрықтың 4-қосымшасына сәйкес;

5) «Келушілерді зерттеу сауалнамасы» жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (коды 0972103, индексі Н-060, кезеңділігі жартыжылдық) осы бұйрықтың 5-қосымшасына сәйкес;

6) «Келушілерді зерттеу сауалнамасы» жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (коды 0972103, индексі Н-060, кезеңділігі жартыжылдық) осы бұйрықтың 6-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. «Туризм статистикасы бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2012 жылғы 10 тамыздағы № 212 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 7902 болып тіркелген, 2013 жылғы 19 қаңтардағы № 34-38 (27977) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің Стратегиялық даму департаменті Заң департаментімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына ресми жариялауға жіберсін;

3) Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің интернет-ресурсында міндетті түрде жариялауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің Стратегиялық даму департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі құрылымдық бөлімшелеріне және аумақтық органдарына жұмыста басшылыққа алу үшін жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы бұйрық ресми жариялауға жатады және 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Төраға* *Ә. Смайылов*

| | | |
|---|---|---|
| | Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік береді Конфиденциальность гарантируется органами государственной статистики | Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2013 жылғы 12 тамыздағы № 186 бұйрығына 1-қосымша |
| | Жалпымемлекеттік статистикалық байқау бойынша статистикалық нысан Статистическая форма общегосударственного статистического наблюдения | Приложение 1 к приказу Председателя Агентства Республики Казахстан по статистике от 12 августа 2013 года № 186 |
| | | |
| | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Аумақтық статистика органына тапсырылады<br>Представляется территориальному органу статистики | Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақыт, сағат (қажеттісін қоршаңыз)<br>Время, затраченное на заполнение статистической формы, в часах (нужное обвести) | | | | | |
| Статистикалық нысанды www.stat.gov.kz сайтынан алуға болады<br>Статистическую форму можно получить на сайте www.stat.gov.kz | 1 сағатқа дейін<br>до 1 часа | 1-2 | 2-4 | 4-8 | 8-40 | 40 сағаттан артық<br>более 40 часов |

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына алғашқы статистикалық деректерді уақтылы тапсырмау, дәйексіз деректерді беру «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 381-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады.
Несвоевременное представление, предоставление недостоверных первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 381 Кодекса Республики Казахстан «Об административных правонарушениях».

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Статистикалық нысан коды 0951102<br>Код статистической формы 0951102 | **Орналастыру орындарының қызметі туралы есеп** | | | | |
| 2-туризм | Отчет о деятельности мест размещения | | | | |
| Тоқсандық<br>Квартальная | Есепті кезең<br>Отчетный период | | Тоқсан<br>Квартал | | жыл<br>год |

Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің – 55 кодына сәйкес тұратын орынды ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, дара кәсіпкерлер тапсырады.
Представляют юридические лица и (или) их структурные и обособленные подразделения, индивидуальные предприниматели, осуществляющие услуги по организации проживания согласно коду Общего классификатора видов экономической деятельности - 55

Тапсыру мерзімі – есепті кезеңнен кейінгі 25-күні.
Срок представления – 25-числа после отчетного месяца.

| | |
|---|---|
| БСН коды<br>код БИН | |

## 1. Орналастыру орындары туралы жалпы мәліметтер
## Общие сведения о месте размещения

1.1 Орналастыру орындарының нақты орналасқан жерін көрсетіңіз (ауыл, аудан, қала) көрсетіңіз
Укажите фактическое местонахождение места размещения (село, район, город)

| | |
|---|---|
| ӘАОЖ[1] коды (статистикалық нысанды қағаз тасығышта тапсыру кезінде статистика органының қызметкерлері толтырады) | |

| | |
|---|---|
| код КАТО (заполняется работником органа статистики при сдачи статистической формы на бумажном носителе) | ☐☐☐☐☐☐☐☐☐ |
| 1.2 Орналастыру орнының бірегей коды[2] Уникальный код места размещения | ☐☐☐☐ |
| 1.3 Сіздің орналастыру орныңыз жататын курорттық аймақтың реттік нөмірін көрсетіңіз[3] Укажите порядковый номер курортной зоны, к которой относится Ваше место размещения | ☐☐ |
| 2. Орналастыру орындарының сипаттамасы Характеристика мест размещения | |
| «v» белгісімен жауаптың тиісті нұсқасы белгіленеді Отмечается знаком «v» соответствующий вариант ответа | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| А. Орналастыру орнының түрі: Тип места размещения: | ☐ | 2.1 мейрамханасы бар қонақ үй гостиница с рестораном | ☐ | 2.2 мейрамханасы жоқ қонақ үй гостиница без ресторана | ☐ | 2.3 демалыс ү дом отдыха |
| | ☐ | 2.4 мотель мотель | ☐ | 2.5 демалыс пансионаты пансионат отдыха | ☐ | 2.6 балалар лаге детский лагерь |
| | ☐ | 2.7 бірқабатты бунгало, ауылдық үйлер (шале), коттедждер, шағын үйлер және пәтерл одноэтажные бунгало, сельские домики (шале), коттеджи, небольшие домики квартиры | | | | |
| | ☐ | 2.8 трейлерлік парктер, ойын-сауық қалашықтары, қысқа мерзімді орналастыру үшін а аулайтын және балық аулайтын жерл трейлерные парки, развлекательные городки, охотничьи и рыболовные угодья дл краткосрочного размещения | | | | |
| | ☐ | 2.9 туристік база туристская база | ☐ | 2.10 кемпинг кемпинг | ☐ | 2.11 баспананың өзг түрлері другие виды жилья |
| Б. Қонақ үй дәрежелері: Категория гостиницы: | ☐ | 1.1 * (1 жұлдызды) * (1 звезда) | ☐ | 1.2 ** (2 жұлдызды) ** (2 звезды) | ☐ | 1.3 *** (3 жұлдызд *** (3 звезды) |
| | ☐ | 1.4 **** (4 жұлдызды) **** (4 звезды) | ☐ | 1.5 ***** (5 жұлдызды) ***** (5 звезд) | ☐ | 1.6 санаты жоқ қонақ без категорий |

_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _

[1] **ӘАОЖ – Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің www.stat.gov.kz Интернет-ресурсында орналастырылған Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші.**
КАТО – Классификатор административно-территориальных объектов, размещенный на интернет-ресурсе Агентства Республики Казахстан по статистике www.stat.gov.kz

[2] **Орналастыру орнының тіркеліміне (тізіліміне) сәйкес.** Согласно регистра (реестр) мест размещения.

[3] **Курорттық аймақтың реттік нөмірі осы статистикалық нысанның қосымшасына**

сәйкес көрсетіледі.
Порядковый номер курортной зоны указывается согласно приложению к настоящей статистической форме.

3. Орналастыру орындары туралы келесі ақпаратты көрсетіңіз
Укажите следующую информацию по местам размещения

| | Көрсеткіш атауы Наименование показателя | Барлығы Всего |
|---|---|---|
| А | Б | 1 |
| 1 | Есепті кезеңдегі орташа алғанда қызметкерлердің тізімдік саны, адам Списочная численность работников в среднем за отчетный период, человек | |
| 1.1 | оның ішінде әйелдер из них женщин | |
| 2 | Маусымдық қызметкерлердің саны, адам Численность сезонных работников, человек | |
| 3 | Көрсетілген қызмет көлемі, мың теңге Объем оказанных услуг, тысяч тенге | |
| 3.1 | резиденттерге резидентам | |
| 3.1.1 | оның ішінде тұрғылықты тұрғындарға из них местным жителям | |
| 3.2 | резидент еместерге нерезидентам | |

| | Көрсеткіш атауы Наименование показателя | Барлы Всего |
|---|---|---|
| А | Б | 1 |
| 4 | Бөлмелер саны барлығы, бірлік Количество номеров всего, единиц оның ішінде: из них: | |
| 4.1 | апартаменттер апартаментов | |
| 4.2 | «люкс» сыныбындағы класса «люкс» | |
| 4.3 | стандарт бөлмелер стандартных номеров | |
| 4.4 | жайлылықтары жоқ без удобств | |
| 5 | Бір жолғы сыйымдылық, төсек-орын Единовременная вместимость, койко-мест | |
| 6 | Өткізілген бөлмелер саны, бірлік Количество сданных номеров, единиц | |
| 7 | Тәулік-төсектің орташа құны, теңге Средняя стоимость койко-суток, тенге | |

4. Келушілер сапарының мақсаттары және келушілердің болу ұзақтығы[4]
Цели поездок посетителей и продолжительность пребывания посетителей

| | Елдердің атауы Наименование стран | Барлығы, адам Всего, человек | Соның ішінде сапар мақсаттары бойынша: В том числе по целям поездок: | | | 1-бағаннан туристтер (түнеуші келушілер) из графы 1 туристы (ночующие посетители) | Ұсынылған тәулік-төсек тәулік-төсе Предоставле койко-суток койко-суток |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | жеке личные | іскерлік және кәсіби деловые и профессиональные | жұмысқа орналасу трудоустройство | | |
| А | Б | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Барлығы Всего | | | | | | |
| 1.1 | Резиденттер (Қазақстан Республикасы) | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Резиденты ( Республика Казахстан) | | | | | | |
| 1.1.1 | одан жергілікті тұрғындар<br>из них местные жители | | X | X | X | X | |
| 1.2 | Резидент еместер<br>Нерезиденты | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |

________________________

[4] **Қажет болған жағдайда қосымша парақтарда жалғастырыңыз.** При необходимости продолжите на дополнительных листах.

5. Маусымдық орналастыру орындары үшін маусымның ашылу және жабылу күні мен айы (егер Сіз осы тоқсанда жұмыстың маусымдылығына байланысты орналастыру орнының жұмысын тоқтата тұруды жоспарласаңыз, онда 5.1-тармақта орналастыру орнының жабылуының болжамды күнін, ал 5.2-тармақта орналастыру орнының жұмысының қайтадан бастаудың болжамды күнін көрсетіңіз. Егер осы тоқсанда Сіздің орналастыру орныңыз таратылса, онда 5.3-тармақта таратудың болжамды күнін көрсетіңіз. Дата и месяц закрытия и открытия сезона для сезонных мест размещения (если в текущем квартале Вы планируете временно приостановить работу места размещения, в связи с сезонностью работы, то укажите, пожалуйста, примерную дату закрытия места размещения в пункте 5.1., а в пункте 5.2 укажите примерную дату возобновления работы места размещения. Если в текущем квартале Ваше место размещения будет ликвидировано, то укажите примерную дату ликвидации в пункте 5.3)

| | | |
|---|---|---|
| 5.1 маусымның жабылуы<br>закрытие сезона | күні<br>день | айы<br>месяц |
| 5.2 маусымның ашылуы (болжамды күні)<br>открытие сезона (примерная дата) | күні<br>день | айы<br>месяц |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 5.3 орналастыру орындарын тарату<br>ликвидация места размещения | күні<br>день | айы<br>месяц |

Атауы Мекенжайы
Наименование ________________________ Адрес ______________________________
_______________________________________ Телефон ___________________________
Телефон _____________________________
Электрондық почта мекенжайы
Адрес электронной почты __________________________________________________
Орындаушы
Исполнитель ___________________________ ________________________________
аты-жөні телефон
фамилия
Басшы
Руководитель ________________________________ ___________________________
тегі, аты және әкесінің аты қолы
фамилия, имя и отчество подпись
Бас бухгалтер
Главный бухгалтер ______________________________ _________________________
тегі, аты және әкесінің аты қолы
фамилия, имя и отчество подпись
Мөрдің орны (бар болған жағдайда)
Место для печати (при наличии)
«Орналастыру орындарының қызметі туралы есеп» статистикалық нысанына (коды 0951102, индексі 2-туризм, кезеңділігі тоқсандық) қосымша

## Қазақстанның курорттық аймақтары

1) Шортанды-Бурабай курорттық аймағы;
2) Алматы курорттық аймағы;
3) Баянауыл курорттық аймағы;
4) Қарқаралы курорттық аймағы;
5) Кендірлі курорттық аймағы;
6) Сарыағаш курорттық аймағы;
7) Қостанай курорттық аймағы;
8) Алтай курорттық аймағы;
9) Алакөл курорттық аймағы;

10) Зеренді курорттық аймағы;
11) Балқаш көлінің жағалық аймағы;
12) Бұқтырма курорттық аймағы;
13) Улан курорттық аймағы:
13.1) Сібі көлдері;
13.2) "Окуньки" демалыс аймағы

Қазақстан Республикасы
Статистика агенттігі төрағасының
2013 жылғы 12 тамыздағы
№ 186 бұйрығына
2-қосымша

## «Орналастыру орындарының қызметі туралы есеп» (коды 0951102, индексі 2-туризм, кезеңділігі тоқсандық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық

1. Осы «Орналастыру орындарының қызметі туралы есеп» (коды 0941104, индексі 2-туризм, кезеңділігі тоқсандық) жалпымемлекеттік статистикалық байқау бойынша статистикалық нысанды толтыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 7) тармақшасына сәйкес әзірленген және «Орналастыру орындарының қызметі туралы есеп» (коды 0941104, индексі 2-туризм, кезеңділігі тоқсандық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанының толтырылуын нақтылайды.

2. Келесі анықтамалар осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында қолданылады:

1) экскурсант - уақытша болатын елдегі (жердегі) туристік ресурстарды танымдық мақсатта жиырма төрт сағаттан аспайтын уақытқа барып көретін жеке тұлға;

2) қызметкер - жұмыс берушімен еңбек қатынастарында тұратын және жеке еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға;

3) маусымдық қызметкерлер - табиғи және климат жағдайларына байланысты бүкіл күнтізбелік жылда емес, алты айдан аспайтын белгілі бір кезең (маусым) ішінде жұмыс атқаратын қызметкерлер;

4) туристерді орналастыру орындары - мейманханалар, мотельдер, кемпингтер, туристік базалар, қонақжайлар, демалыс үйлері, пансионаттар және туристердің тұруы мен оларға қызмет көрсету үшін пайдаланылатын басқа да үй-жайлар мен ғимараттар;

5) турист - уақытша болатын елге (жерге) жиырма төрт сағаттан бір жылға дейінгі кезеңге келетін және ақылы қызметпен айналыспай, сол елде (жерде) сауықтыру, танымдық, кәсіби-іскерлік, спорттық, діни және өзге де мақсаттарда кемінде бір рет түнейтін жеке тұлға.

3. Статистикалық нысан бухгалтерлік құжаттар мен алғашқы есепке алу құжаттары деректерінің негізінде толтырылады.

4. Келушіге өзінің әдетте тұратын жерінің шегінен тыс орналасқан қандай-да бір негізгі орынға бір жылдан аз мерзімге кез-келген мақсатта (іскерлік сапар, демалыс немесе өзге де жеке мақсат) сапар жасайтын саяхатшы жатады.

Келуші (ішкі, келу және шығу) турист (немесе түнеуші) және біркүндік келуші (немесе экскурсант) ретінде жіктеледі.

Сондықтан келушілер турист (немесе түнеуші келуші) және біркүндік келуші (немесе экскурсант) болып бөлінеді.

Соның ішінде келушілердің ішінен келесі тұлғаларды алып тастау ұсынылады:

1) болу елінде тіркелінген, кәсіпорынға жұмысқа орналасу мақсатымен шекарадан өту кезінде;

2) шетелге қатынайтын көлік құралдарына қызмет көрсететін персонал;

3) өз тұрақты тұратын елін ауыстыратындар.

5. 2-бөлімнің А-тармағының 2.3-тармақшасындағы демалыс үйіне регламенттелген режимдегі сауықтыру - алдын-алу сипатындағы қызметтерді ұсынумен демалысқа арналған жағдайды қамтамасыз ететін, рекреациялық аймақта орналасқан орналастыру орны жатады.

2.4-тармақшасындағы мотель ретінде автостраданың бойында орналасқан немесе туристік орталықтың құрамына кіретін автотуристерге арналған қонақ үй танылады.

2.5-тармақшасында жайлылығы едәуір аз, әдетте демалысқа арналған жағдайды қамтамасыз ететін, рекреациялық аймақта орналасқан, маусымдық сипатта жұмыс істейтін орналастыру орны көрсетіледі.

2.6-тармақшасында балалардың белсенді демалуына арналған маусымдық сипатта жұмыс істейтін орналастыру орны көрсетіледі.

2.7-тармақшасында асхана жабдығы бар немесе толықтай ас үймен жабдықталған, тамақтануға, тұруға және ұйықтауға арналған, толық жабдықталған бөлмелерден тұратын жеке оқшауланған үй-жайлар көрсетіледі.

2.9-тармақшасындағы туристік база ретінде туристерге түнейтін орындардың жоспарлы бағыттарын (бос орындар болғанда және жолдамасы жоқ туристерге), тамақтандыруды ұсынатын және оларға туристік-экскурсиялық, мәдени-тұрмыстық және денешынықтыру-сауықтыру қызметін көрсетуді қамтамасыз ететін орналастыру орны танылады.

2.10-тармақшасында кемпинг автотуристер үшін тұрақпен, дәретханамен және шатырларға арналған орындармен немесе жеңіл типтегі үйлермен жабдықталған орнын білдіреді.

2.11-тармақшасына жаз маусымы кезінде келушілерге берілетін, бір орындық немесе жалпы бөлмедегі немесе жатақханалардағы уақытша баспана қосылады.

6. 2-бөлімнің Б-тармағының 1.1-тармақшасында 1 жұлдызды санатындағы қонақ үй тұратындарды орналастыру үшін ең қажет деген қызмет түрлері ғана қарастырылған шағын мекемелер, мекеменің өзі ұйымдастырған, келушілерді орналастыру мен тамақтандыру сияқты базалық қызмет түрлерін ұсынуды білдіреді.

1.2-тармақшасындағы 2 жұлдызды санатындағы қонақ үйге тұратындарға қызметтердің стандартталған жиынтығын ұсынатын, соның ішінде қонақ үй аумағында мейрамханалар немесе кафелерде тамақтандыру қызметімен қоса, дербес сантораптармен жабдықталған бөлмелерді ұсынатын шағын және орта мекемелер жатады.

1.3-тармақшасында 3 жұлдызды санатындағы қонақ үй тұратындарға қызметтердің кең ауқымды жиынтығын көрсететін, соның ішінде мейрамхана (қонақ үйде орналасқан мейманлардан басқа да тұтынушыларға ұсынады) мен бар, бизнес-орталық қызметтерін көрсетумен қатар, жеке телефонмен және дәретханалық керек-жарақтар ұсынылған, дербес санораптарымен жабдықталған бөлмелерді тазалау қызметтерін көрсететін орта мекемені есептейді.

1.4-тармақшасында 4 жұлдызды санатындағы қонақ үй сапалы жиhазбен жабдықталған, бірыңғай дизайнмен безендірілген; кең жатын бөлмелері бар нөмірлерге тәулік бойы қызмет көрсету; химиялық тазарту мен такси; жоғары деңгейлі асханасы бар мейрамхана қызметтері қызмет түрлерін жоғары деңгейде көрсететін орта және ірі мекемелерін көрсетеді.

1.5-тармақшасында 5 жұлдызды санатындағы қонақ үй халықаралық стандарттар деңгейінде қызметтер ұсынатын, жайлы жағдайда тұруға толығымен жабдықталған бөлмелері бар, жаттығу залдары, жүзу бассейндері, жеке кабинеттері мен банкет және мәжіліс-залдары қызметтерін ұсынатын, арнайы дайындықтан өткен үздіксіз қызмет көрсетуді және мейрамхананың жұмысын жоғары деңгейде қамтамасыз ететін қызметкерлері бар орта және ірі мекемелерді білдіреді.

1.6-тармақшасында келушілерді орналастырудан басқа қызмет түрлерін ұсынбайтын, қызметі шектеулі шағын мекеме есепке алынады.

7. 3–бөлімнің 1-жолында орташа алғанда бір тоқсандағы қызметкерлердің тізімдік саны ұйымның орташа алғанда тоқсандағы жұмыс істеген барлық айларындағы қызметкерлердің тізімдік санын қосу және алынған санды үшке

бөлу жолымен анықталады.

3-жолдың орналастыру орындарын ұсыну бойынша көрсетілген қызмет көлемі көрсетіледі. Егер тұру құны келуші таңғы асты пайдаланған немесе пайдаланбағанына байланыссыз, тұру құны таңғы асты тиісті тарифтің ажырамас бөлігі ретінде қамтыса, онда таңғы ас ұсынумен тұру бойынша көлемді қосылған құнға салықты (бұдан әрі – ҚҚС) ескерусіз, бір ондық белгімен, мың теңгеде келтіріледі.

4-жол бойынша қонақ үй бөлмесі бір, екі және одан да көп бөлмеден тұратын, оқшауланған, жиһазбен жабдықталған, уақытша тұруға тапсырылатын тұрғын үй-жайды білдіреді.

4.1-жол бойынша апартамент негізінде алаңы 40 шаршы метрден кем емес, екі не одан да көп (қонақ үй (асхана), жатын бөлме) бөлмеден тұратын, асхана жабдығы бар орналастыру орнындағы нөмір танылады.

4.2-жол бойынша люкс классты бөлме алаңы 35 шаршы метрден кем емес, екі тұрғын бөлмеден (қонақ бөлмесі және жатын бөлме) тұратын, бір (екі) адамның тұруына арналған орналастыру орнындағы нөмірді білдіреді.

4.3-жол бойынша стандарт бөлмеге бір тұрғын бөлмеден, бір (екі) төсегі бар, толық санитарлық тораппен (ванна/душ, қолжуғыш, унитаз) қамтылған бір (екі) адам тұруға есептелген орналастыру орнындағы бөлме жатады.

4.4-жол бойынша жайлылығы жоқ бөлмелерге тұру бойынша ең төмен қызмет пакеттерін ұсынатын, жайлылығы төмен деңгейдегі бөлмелер жатады.

5-жол бойынша бір жолғы сыйымдылық барлық бөлмелердегі белгіленген тұрақты төсек саны бойынша анықталады. Бөлмелердегі уақытша (қосымша) орындар мен тікелей мақсатта үнемі пайдаланылмайтын орындар есепке алынбайды.

6-жолда «өткізілген бөлмелер саны» көрсеткіші есепті кезеңде өткізілген бөлмелер санын білдіреді - қонақ үйде 5 бөлме бар, 2 жанұялық жұп 2 бөлмені 7 күнге жалға алды, бұл жағдайда өткізілген бөлмелер саны 2 бөлмені 7 күнге беруіне көбейтіледі, ол 14 өткізілген бөлмеге тең.

7-жолда таңғы аспен тәулік-төсектің орташа құны көрсеткіші - орналастыру орындарында ұсынылған бөлмелерден түскен табыстың жалпы сомасының тәулік-төсек санына қатынасы (ондық сансыз ҚҚС есебімен теңгеде). Егер тәулік-төсектің орташа құнына таңғы ас кірсе тиісті тарифтің ажырамас бөлігі ретінде қамтыса, пайдаланған немесе пайдаланбағанына байланыссыз, онда тәулік-төсектің орташа құнын таңғы аспен көрсету керек.

8. 4-бөлімнің 2-бағанындағы жеке мақсаттарға іскерлік және кәсіби мақсат ретінде жіктелмейтін, туристік сапардың барлық мақсаттары жатады. Оған сапардың келесі мақсаттары жатады: демалыс және бос уақыт, достар мен туыстарға бару, білім алу және кәсіби дайындық, емдік және сауықтыру

емшаралары, дін (қажылық), дүкендерді аралау, транзит, өзге де мақсаттар.

3-бағанындағы іскерлік және кәсіби мақсаттар егер келген елінде немесе орнында өндіруші-резидентпен анық немесе тұспалданатын еңбек жалгерлік қатынастардың белгілері болмаса, өз бетінше жұмыспен қамтылған тұлғалардың және жалдамалы жұмыскерлердің қызметі, инвесторлардың, бизнесмендердің қызметін көрсетеді. Оған жатады: кеңестерге, конференцияларға немесе конгрестерге, сауда жәрмеңкелеріне, көрмелерге қатысу, дәрістер оқу, концерттер, қойылымдар мен спектакльдер қою, ғылыми қолданбалы немесе іргелі зерттеулерге қатысу, туристік саяхаттар бағдарламаларын құрастыру, орналастыру және көлік қызметтері бойынша қызметтерді ұсынуға шарттар жасау, резидент еместер агенттіктер мүддесінде (келген елінің немесе орынның) гидтердің немесе туризм саласының басқа қызметкерлері ретіндегі жұмыс, кәсіби спорттық іс-шараларға қатысу, ресми немесе бейресми кәсіби дайындық курстарына өндірістен қол үзбей қатысу, жеке көлік құралдарына (корпоративті ұшақ, яхта) экипаж/команда құрамында жұмыс және тағы басқа.

4-бағанында жұмысқа орналасу негізгі мақсаты кәсіпорынға жұмысқа орналасу және жұмыс шығындарына өтемақыны алу болып табылатын саяхатшы жасаған сапар ретінде танылады.

6-бағанында тұрақты орындардың қолданылған саны көрсетіледі және тұратындарды есепке алу кітабы негізінде анықталады.

1.1.1-жолында жергілікті тұрғын бұл белгілі бір орында бір немесе одан да көп болған немесе болуды жоспарлаған тұлға.

Тоқсан ішінде деректерді жинаудың дәйектілігі үшін орналастыру орындарына қонақтардың орналастыру орнына келген кезде қонақтарды есепке алу карточкасын толтыруын немесе тұратындарды есептеу үшін күнделікті есепке алу кітабын неғұрлым келесі деректер бойынша жүргізу тәжірибеге енгізуді ұсынамыз: келушінің ТАӘ, бөлмеде тұратындар саны, олардың тұрғылықты тұратын орны/елі, сапардың мақсаты, келушінің келу және шығу күні және уақыты.

9. Осы нысанды тапсыру қағаз тасығышта және электронды форматта жүзеге асырылады. Нысанды электронды форматта толтыру Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Интернет-ресурсының (www.stat.gov.kz) «On-line есептер» бөлімінде орналастырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану арқылы іске асырылады.

| | | |
|---|---|---|
| | Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік береді Конфиденциальность гарантируется органами государственной статистики | Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2013 жылғы 12 тамыздағы № 186 бұйрығына 3-қосымша |
| | Жалпымемлекеттік статистикалық байқау бойынша статистикалық нысан | |

| | | |
|---|---|---|
| | Статистическая форма по общегосударственному статистическому наблюдению | Приложение 3 к приказу Председателя Агентства Республики Казахстан по статистике от 12 августа 2013 года № 186 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Аумақтық статистика органға тапсырылады<br>Представляется территориальному органу статистики | Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақыт, сағат (қажеттісін қоршаңыз)<br>Время, затраченное на заполнение статистической формы, в часах (нужное обвести) | | | | | |
| Статистикалық нысанды www.stat.gov.kz сайтынан алуға болады<br>Статистическую форму можно получить на сайте www.stat.gov.kz | 1 сағатқа дейін<br>до 1 часа | 1-2 | 2-4 | 4-8 | 8-40 | 40 сағаттан артық<br>более 40 часов |

| | |
|---|---|
| Статистикалық нысан коды 0962104<br>Код статистической формы 0962104 | **Үй шаруашылықтарының сапарларға жұмсаған шығыстары туралы зерттеу сауалнамасы** |
| Н-050 | Анкета обследования домашних хозяйств о расходах на поездки |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Жылдық<br>Годовая | Есепті кезең<br>Отчетный период | | жыл<br>год |

Үй шаруашылығының мүшелерінен сұралады
Опрашиваются члены домашних хозяйств

Тапсыру мерзімі – 30 наурыз.
Срок представления – 30 марта.

| | |
|---|---|
| 1. Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші бойынша коды<br>Код по Классификатору административно-территориальных объектов | |
| 2. Елді мекеннің түрі (қала, ауыл)<br>Тип населенного пункта (1 - город, 2 - село) | |
| 3. Үй шаруашылығының №<br>№ домашнего хозяйства | |
| 4. Үй шаруашылығының №<br>№ домашнего хозяйства<br>5. Пікіртерім жүргізуге уәкілетті тұлғаның (бұдан әрі – интервьюер) коды<br>Код лица, уполномоченного на проведение опроса (далее - интервьюер) | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 6. Сұхбат жүргізу күні<br>Дата проведения интервью | күні<br>число | | айы<br>месяц | | жыл<br>год | |

Құрметті респонденттер, келесі сұрақтарға жауап беруіңізді өтінеміз.
Уважаемые респонденты, пожалуйста, ответьте на нижеследующие вопросы.

## 1. Сапар туралы жалпы деректер
## Общие сведения о поездке

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1.1. Сіз есепті кезеңде сапарға шықтыңыз ба?<br>Вы в течение отчетного периода совершали поездку? | 1) иә<br>да | ☐ | → 1.3 |
| | 2) жоқ<br>нет | ☐ | → 1.2 |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1.2. Сіз есепті кезеңде қандай себептермен сапарға барған жоқсыз<br>Укажите по каким причинам Вы в течение отчетного периода не совершали поездок | 1) қаржылық себептер бойынша по финансовым причинам | □ | |
| | 2) отбасылық міндеттемелерге байланысты бос уақыттың болмауынан из-за отсутствия свободного времени в связи с семейными обязательствами | □ | → конец опроса |
| | 3) жұмыс немесе оқуға байланысты бос уақыттың болмауынан из-за отсутствия свободного времени в связи с работой или учебой | □ | |
| | 4) денсаулыққа байланысты немесе қозғалудың шектеулігіне байланысты по состоянию здоровья или в связи с ограниченной подвижностью | □ | |
| 1.3. Сапарға неше адам шыққанын көрсетіңіз<br>Укажите сколько человек выезжало в поездку | 1) барлығы всего | □□ | → 1.4 |
| | 1.1) оның ішінде әйелдер из них женщины | □□ | |
| | 1.2) «барлығы» тармағынан 15 жасқа дейінгі балалар из пункта «всего» дети до 15 лет | □□ | |
| 1.4. Сіз қайда сапарда болдыңыз Вы совершали поездку | 1) ел ішінде (ауыл, аудан, қаланың атауын жазыңыз) внутри страны (напишите название села, района, города ) □ | | → 1.5 |
| | 2) шетелге (елдің атауын жазыңыз) за границу (напишите название страны) □ | | → 1.6 |
| 1.5. Бару орнына (бір жаққа) дейінгі шамалап алғандағы арақашықтықты көрсетіңіз, км<br>Укажите примерное расстояние до места посещения (в одну сторону), км | □□□□□□ | | → 1.6 |
| 1.6. Сапарда болу ұзақтығы Продолжительность пребывания в поездке | 1) түнеумен (болған түндер санын көрсетіңіз) с ночевкой (укажите количество проведенных ночей) | □□□ | → 1.7 |
| | 2) түнеусіз без ночевки | □ | → 1.7 |
| 1.7. Сіздің сапарыңыздың бір негізгі мақсатын көрсетіңіз. Егер сапар бірлескен болса (демалыс және дүкен аралау), онда осы үшін Сіз сапар жасаған мақсат – негізгі болып табылады.<br>Укажите одну основную цель Вашей | 1) еңбек демалысы және демалыс отпуск и отдых | □ | → 1.8 |
| | 2) туыстар мен достарға бару посещение друзей и родственников | □ | → 1.8 |
| | 3) білім алу және кәсіби дайындық образование и профессиональная подготовка | □ | → 1.8 |
| | 4) емдік және сауықтыру емшаралары лечебные и оздоровительные процедуры | □ | → 1.8 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| поездки. Если поездка была совмещенная (отдых и посещение магазинов), то основная цель поездки - это цель, без которой Вы не совершили бы поездку. | 5) дін және қажылық<br>религия и паломничество | ☐ | → 1.8 |
| | 6) дүкендерді аралау<br>посещение магазинов | ☐ | → 1.8 |
| | 7 ) транзит<br>транзит | ☐ | → 1.8 |
| | 8) іскерлік және кәсіби мақсаттар<br>деловые и профессиональные цели | ☐ | → 1.8 |
| | 9) өзге де мақсаттар<br>прочие цели | ☐ | → 1.8 |
| 1.8. Көліктің негізгі түрін көрсетіңіз ( көліктің негізгі түрі – бұл Сіз көбірек жол жүріп өткен көлік)<br>Укажите основной вид транспорта ( основной вид транспорта – это транспорт, на котором Вы преодолели наибольшее расстояние) | 1 ) әуе көлігі<br>воздушный транспорт | ☐ | → 1.9 |
| | 2 ) су көлігі<br>водный транспорт | ☐ | → 1.9 |
| | 3) теміржол көлігі<br>железнодорожный транспорт | ☐ | → 1.9 |
| | 4) қалааралық автобус<br>междугородный автобус | ☐ | → 1.9 |
| | 5) жеке меншік автокөлік<br>собственная автомашина | ☐ | → 1.9 |
| | 6) жалға алынған автокөлік құралдары<br>автотранспортные средства взятые на прокат | ☐ | → 1.9 |
| | 7) көлік құралдарының өзге де түрлері<br>прочие виды транспорта | ☐ | → 1.9 |
| 1.9. Халықаралық тасымалдарға көлік шығыстарының сомасын көрсетіңіз ( туристік жолдама жоқ болған жағдайда), теңге<br>Укажите сумму транспортных расходов на международные перевозки (в случае отсутствия туристской путевки), тенге | ☐☐☐☐☐☐☐☐☐ | | → 1.10 |
| 1.10. Сіз Қазақстан көлік компаниясының қызметін пайдалануыңыз ба?<br>Вы пользовались услугами казахстанской транспортной компании? | 1 ) иә<br>да | ☐ | → 1.11 |
| | 2 ) жоқ<br>нет | ☐ | → 1.11 |
| 1.11. Сіз тоқтаған негізгі орналастыру орнын көрсетіңіз. Егер Сіз бірнеше орналастыру орнында тоқтасаңыз, онда көбірек болған бір ғана орналастыру | 1 ) қонақ үй<br>гостиница | ☐ | → 1.12 |
| | 2 ) мотель<br>мотель | ☐ | → 1.12 |
| | 3 ) санаторий<br>санаторий | ☐ | → 1.12 |
| | 4) туристік база<br>туристская база | ☐ | → 1.12 |
| | 5) демалыс үйі<br>дом отдыха | ☐ | → 1.12 |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| орнын көрсетіледі. Укажите основное место размещения, в котором Вы останавливались. Если Вы останавливались в нескольких местах размещениях, то указывается основное место размещения, в котором Вы пребывали в течение наибольшего срока. | 6) қала сыртындағы үй загородный дом | ☐ | → 1.12 |
| | 7) туыстар немесе таныстармен тегін ұсынылған орналасу размещение, предоставляемое бесплатно родственниками или знакомыми | ☐ | → 1.12 |
| | 8) жалға алынған пәтер (үй) съемная квартира (дом) | ☐ | → 1.12 |
| | 9) өзге де орналастыру орны (өзге де орналасу орнының атауын көрсетіңіз) прочие места размещения (укажите наименование прочего места размещения) | | → 1.12 |
| 1.12. Сіз осы сапарға туристік жолдаманы сатып алдыңыз ба? Вы приобретали туристскую путевку для этой поездки? | 1 ) иә да | ☐ | → 1.13 |
| | 2 ) жоқ нет | ☐ | → 2 |
| 1.13. Барлық туристік пакеттің құнын көрсетіңіз, теңге Укажите стоимость всего туристского пакета, теңге | | | → 1.14 |
| 1.14. Туристік жолдамаға кіретін қызмет көрсетулерге Сіздің шығыстарыңызды көрсетіңіз, теңгемен Укажите Ваши расходы на услуги, входящие в туристскую путевку, в теңге | 1 ) виза виза | | → 2 |
| | 2 ) сақтандыру страховка | | |
| | 3 ) көлік транспорт | | |
| | 4 ) орналастыру размещение | | |
| | 5) өзге де қызметтер (саяхаттар, курстар, кіруге төлем, сауықтыру бағдарламалары және тағы басқалар) прочие услуги (экскурсии, курсы, плата за вход, программы оздоровления и так далее) | | |

2. Туристік жолдама құнына кірмейтін шығыстарды көрсетіңіз, теңгемен Укажите расходы, не включенные в стоимость туристкой путевки, в теңге

| | Атауы Наименование | Сапарға дейін До поездки | Сапар кезінде В ходе поездки | Барлығы Всего |
|---|---|---|---|---|
| А | Б | 1 | 2 | 3 |
| 1. | Барлығы Всего | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1.1 | Сіз паспорт, виза және өзгелерін алуға қанша ақша жұмсадыңыз? Сколько Вы затратили денег на получение паспорта, визы и другие? | | | |
| 1.2 | Сапар кезіндегі сақтандыру Сізге қаншаға түсті? Во сколько обошлась Вам страховка на время поездки? | | | |
| 1.3 | Орналастыру орындарында тұруға Сіз қанша төледіңіз? Сколько Вы заплатили за проживание в местах размещения? | | | |
| 1.4 | Көлік қызметтеріне Сіз қанша төлем төледіңіз? Сколько Вы потратили на оплату услуг транспорта? | | | |
| 1.5 | Сіз тамақтануға қанша сома жұмсадыңыз? Какую сумму Вы израсходовали на питание? | | | |
| 1.6 | Дүкендерде сауда жасауға Сіз қанша сома жұмсадыңыз ? Какую сумму Вы израсходовали на покупки в магазинах? | | | |
| 1.7 | Белгілі бір құндылығы бар бұйымдар: асыл металдар және тастар (гауһар тас, алтын, күміс және тағы басқа), антиквариат, көркем өнер туындылары және басқа құндылықтарды сатып алуға Сіз қанша төледіңіз? Сколько Вы потратили на приобретение изделий, обладающих определенной ценностью: драгоценные металлы и камни (бриллианты, золото, серебро и так далее), антиквариат, предметы художественного искусства и другие ценности? | х | | |
| 1.8 | Рекреациялық, мәдени және спорттық іс-шараларға Сіз қанша сома жұмсадыңыз? Какую сумму Вы израсходовали на рекреационные, культурные и спортивные мероприятия? | х | | |
| 1.9 | Егер Сіз сапар кезінде емдік және сауықтыру емшараларын қабылдасаңыз, онда олардың құнын көрсетіңіз? Если во время поездки Вы получили лечебные и оздоровительные процедуры, то укажите их стоимость | х | | |
| 1.10. | Өзге де шығыстар Прочие расходы | х | | |

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2013 жылғы 12 тамыздағы № 186 бұйрығына
4-қосымша

## «Үй шаруашылықтарының сапарларға жұмсаған шығыстары туралы зерттеу сауалнамасы» (коды 0962104, индексі Н-050, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық

1. Осы «Үй шаруашылықтарының сапарларға жұмсаған шығыстары туралы зерттеу сауалнамасы» (коды 0962104, индексі Н-050, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқау бойынша статистикалық нысанды толтыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 7) тармақшасына сәйкес әзірленген және «Үй шаруашылықтарының сапарларға жұмсаған шығыстары туралы зерттеу сауалнамасы» (коды 0962104, индексі Н-050, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанының толтырылуын нақтылайды.

2. Келесі анықтамалар осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында қолданылады:

1) турист - уақытша болатын елге (жерге) жиырма төрт сағаттан бір жылға дейінгі кезеңге келетін және ақылы қызметпен айналыспай, сол елде (жерде) сауықтыру, танымдық, кәсіби-іскерлік, спорттық, діни және өзге де мақсаттарда кемінде бір рет түнейтін жеке тұлға;

2) экскурсант - уақытша болатын елдегі (жердегі) туристік ресурстарды танымдық мақсатта жиырма төрт сағаттан аспайтын уақытқа барып көретін жеке тұлға.

3. Зерттеу үй шаруашылықтарын немесе үй шаруашылығы мүшелерінен сұрау және мәліметтерді осы статистикалық нысанға жазу жолымен жүргізіледі.

Сұхбат тікелей респондентпен жүргізіледі. Сауалнама сұрақтарына 18 жастан үлкен респондент жауап береді. Сауалнама іріктемеге түскен әрбір жеке алынған үй шаруашылығына толтырылады.

Егер үй шаруашылығы бір жыл ішінде бірнеше сапарда болса, онда әрбір сапарға бөлек сауалнама толтырылады. Егер үй шаруашылығының мүшелері бір бірінен бөлек сапарда болса, онда әрбір сапарға бөлек сауалнама толтырылады.

Отбасының барлық мүшелерінің шығыстар көлемі (оның ішінде 15 жасқа дейінгі балалар) қосынды түрде көрсетіледі.

4. 1-бөлімнің 1.4-тармақта ішкі туризм кезінде 1-тармақшаны, ал шығу туризмінде 2-тармақшаны толтырады. Егер сапарда респонденттер екі немесе одан да көп орындарда болса немесе бірнеше елге барса, онда көбірек түнеген орын негізгі болу орны болып саналады. Ал барған жерлеріне бірдей күн түнеген болса, онда негізгі болу орны болып, респонденттің тұрғылықты тұру жерінен анағұрлым қашық орын саналады.

Келушіге өзінің әдетте тұратын жерінен тыс орналасқан қандай-да бір негізгі орынға бір жылдан аз мерзімге елде тіркелінген кәсіпорынға жұмысқа орналасу мақсатынан басқа, кез-келген мақсатта (іскерлік сапар, демалыс немесе өзге де жеке мақсат) сапар жасайтын саяхатшы жатады.

Келуші (ішкі, келу және шығу) турист (немесе түнеуші) және біркүндік

келуші (немесе экскурсант) ретінде жіктеледі.

Сондықтан келушілер турист (немесе түнеуші келуші) және біркүндік келуші (немесе экскурсант) болып бөлінеді.

Келушілер санынан келесі тұлғаларды алып тасталынады:

1) болу елінде тіркелінген, кәсіпорынға жұмысқа орналасу мақсатымен шекарадан өту кезінде;

2) шетелге қатынайтын көлік құралдарына қызмет көрсететін персонал;

3) өз тұрақты тұратын елін ауыстыратындар.

1.7-тармақтың 1-тармақшасындағы еңбек демалысы және демалыс көрнекті орындарды тамашалау, табиғи және көркемөнер объектілеріне, спорт немесе мәдени іс-шараларға бару, спорт түрлерімен кәсіби емес тұрғыдан (шаңғы, атпен серуендеу, гольф, теннис, су астында жүзу, серфинг, жаяу жорықтар, бағдарлар, альпинизм және тағы да басқалар) айналысу, жағажайларда демалу, жүзу бассейндерін және демалу мен ойын-сауықтың кез-келген орындарын пайдалану, круиздер, құмарлық ойындар, жастардың жазғы лагерьлеріне бару, демалыс үйлері, бал айын өткізу, таңдаулы мейрамханаларға бару, меншігіндегі немесе үй шаруашылығынан жалға алынған саяжай үйлерінде болу және тағы басқаларды қосады.

1.7-тармақтың 2-тармақшасындағы туыстар мен туыстарға баруда туыстар мен достарға бару, үйлену тойларына, жерлеу немесе кез-келген басқа отбасылық іс-шараларға бару, науқастарды немесе қарттарды қысқа мерзімді күту көрсетіледі.

1.7-тармақтың 3-тармақшасындағы білім алу және кәсіби дайындыққа жұмыс беруші немесе басқа да ұйымдар (тұлғалар) төлейтін қысқа мерзімді курстарға ( бір жылдан аз) бару; (оқудың нақты бағдарламасынан өту (ресми немесе бейресми) немесе) ақылы оқу, тілді меңгеру, кәсіби немесе басқа да арнайы курстар, ғылыми демалыстар және тағы басқаларды қоса, ресми курстар көмегімен арнайы дағдыларды үйрену жатады.

1.7-тармақтың 4-тармақшасындағы емдік және сауықтыру емшараларына ауруханадан кейінгі емдеуді аяқтау үшін және медициналық пен әлеуметтік мекемелердің неғұрлым жалпы спектрі үшін аурухана, клиника, шипажай қызметтерін алу, медициналық жабдықтар мен қызметтерді қолдану арқылы косметологиялық хирургияны қоса, медициналық кеңес беруге негізделген, медициналық қызметтерді алу үшін теңіз, -спа және басқа курорттарға, сондай-ақ басқа да мамандандырылған мекемелерге бару жатады.

Емдік және сауықтыру емшаралары емдеу мекемесінде бір жыл немесе одан көп болуды талап ететін ұзақ емделу туризм саласына жатпайтындықтан, бұл санат тек қысқа мерзімді емделуді қамтиды.

1.7-тармақтың 5-тармақшасында діни жиындар мен іс-шараларға қатысу,

қажылық көрсетіледі.

1.7-тармақтың 6-тармақшасындағы қайта сату немесе келешекте қандай да бір өндірістік үдерісте пайдалану үшін (бұл жағдайда іскерлік және кәсіби мақсаттар айтылып отыр) тауарларды сатып алуды қоспағанда, жеке тұтыну немесе сыйлықтар үшін тұтыну тауарларын сатып алу көрсетіледі.

1.7-тармақтың 7-тармақшасындағы транзит басқа жерге барудың жалғасын қоспағанда, қандай да арнайы мақсатсыз кез-келген орынға тоқтау деп түсіндіріледі.

1.7-тармақтың 8-тармақшасындағы іскерлік және кәсіби мақсаттар өз бетімен жұмыспен қамтылған тұлғалардың және жолдамалы қызметкерлер қызметі, егер ол қызметте баратын елде немесе жерде өндіруші-резидентпен еңбек жалгерлік қатынастың нақты болуы немесе соны білдіретін белгілері болмаса, сондай-ақ инвесторлардың бизнесмендердің қызметін есепке алады.

Іскерлік және кәсіби мақсаттарға кеңестерге, конференцияларға, жәрмеңкелерге және көрмелерге қатысу, дәрістер оқу, концерттер, қойылымдар мен спектакльдер қою, ғылыми қолданбалы немесе түбегейлі зерттеулерге қатысу, тауарлар мен қызметтерді жарнамалау туристік саяхаттар бағдарламаларын құру, орналастыру және көлік қызметтері бойынша қызметтерді ұсынуға шарттар жасау, (кәсіби спорттық іс-шараларға қатысу, ресми немесе бейресми кәсіби дайындық курстарына өндірістен қол үзбей қатысу, жеке көлік құралдарында (корпоративті ұшақ, яхта) экипаж/команда құрамында жұмыс жатады.

1.7-тармақтың 9-тармақшасындағы сапарлардың өзге де мақсаттарына еріктілер ретінде (басқа санаттарға қосылмаған) жұмыс істеу, көші-қон және жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін зерделеу, басқа санаттарға қосылмаған уақытша төленбейтін қызметтердің кез-келген басқа да түрлерін жүзеге асыру жатады.

5. Шығу туризмінде (келушілердің өзеліндегі шығарға дейінгі) баж салығы салынбайтын тауарларға шығыстары сыртқа шығатындардың шығыстары бойынша статистикалық деректерге енгізілмейді. Баж өзі тұрақты тұратын елінен тыс салығы салынбайтын тауарларды жерлерде сатып алған жағдайда, шығыстар сыртқа шығушылар шығыстары бойынша статистикалық деректерге енгізіледі.

Туристік сапардағы шығындарға әрбір тәсілмен жүргізілетін төлемдер жатады: қолма-қол ақшаға, кредиттік карта, жол немесе жеке чек, шотты тікелей ұсыну, электрондық аударым, сондай-ақ басқа тұлға немесе ұйым, мысалы, егерде осы тұлға (ұйым) келген елдің резиденті болмаса, сіздің жұмыс берушіңіз төлейтін шығындар.

Кейбір туристік сапарда орны бар кейбір сатып алулар туристік шығындардан алынып тасталынады:

1) коммерциялық мақсаттар үшін сатып алулар, яғни қайта сатуға немесе келушілердің кез-келген санаты жүзеге асыратын өндірістің факторы ретінде, сондай-ақ өз жұмыс берушісінің атынан іскерлік сапарда келуші жүргізген сатып алулар;

2) келушілер жүзеге асыратын және мысалы (жерге, тұрғын үйлерге, жылжымайтын мүлікке және өзге де маңызды сатып алынатын заттарға ( автомашина, автофургон, катер, екінші үй сияқты) қатысты капитал салымдары немесе мәмілелер, егер олар болашақта туризм мақсатында пайдаланылса да);

3) қандай да бір туристік тауарға немесе қызметті төлеуге кірмейтін, демалыс сапары кезінде туыстарға немесе таныстарға берілетін қолма қол қаражат; сондай-ақ қайырымдылық жарналар.

6. 1-бөлімнің 1.8 және 1.9-тармақтарында халықаралық тасымалдарға көлік түрлері және көлік шығындары, яғни Қазақстанға кіру немесе Қазақстаннан шығу кезінде респондент қандай көлік түрін пайдаланғаны. Егер туристік жолдама сатып алынса, онда туристік жолдамаға кіретін қызмет көрсетулерге шығыстар 1.14-тармақта көрсетіледі, ал барлық басқа шығыстар – 2-бөлімде көрсетіледі. Халықаралық тасымалдарға туристік сапарды өздігінен ұйымдастырған келушілердің көлік шығыстары тек қана 1.9-тармақта көрсетілуі тиіс.

7. 2-бөлімнің 1-бағаны сұрақтарын республикадан тыс демалуға шыққан респонденттермен толтырылады. Бұл шетелге сапар шегу кезінде Қазақстан аумағындағы шығыстар (Қазақстан аумағында әуежайға дейін көлік, қонақ үйде немесе туыстарда тұру, жолда тамақтану және тағы басқалар).

2-бағанның шығу туризмі бойынша сапар кезіндегі шығыстарға Қазақстан аумағынан тыс қалыптасатын шығыстар жатады, ал ішкі туризм шығыстарына тұрақты тұру орнынан тыс қалыптасатын шығыстар жатады.

1.4-жолдағы көлік шығыстарына келушінің тұрғылықты орнынан баратын жеріне дейінгі және кері саяхатын қоса алғанда туристік сапар, болған елінен басталатын, болатын жердегі саяхат кезіндегі және басқа да шығыстар жатады. Осы санатқа мыналар жатады:

1) қоғамдық көлікте (ұшақ, теплоход, автобустар және таксиде) жол жүру билеті және ұқсас алымдар;

2) жеке меншік көлікпен байланысты сапар кезіндегі жанармай және басқа да пайдалану шығындары;

3) автокөлік құралдарын жөндеу және қосалқы бөлшектер сатып алу;

4) автокөлік құралдарын жалға алу;

5) тұрақ үшін төлем, ақылы автожолдардағы алым, әуежай және ұқсас алымдар.

Қоғамдық көлік құралына жол жүру билетінің құнына тамақтандыру

енгізілген жағдайда, онда толық құнды көліктік шығысқа жатқызу қажет (1.4-жолы). Тамақтану бөлек төленген жағдайда, оның құнын тамақтану және сусын ішу шығысына және 1.5-жолына жатқызу керек.

Коммерциялық орналастыру құнына келушінің таңғы асты пайдаланғанына немесе пайдаланбағанына қарамастан, таңғы ас тиісті тарифтің ажырамас бөлігі ретінде кірсе, жалпы құнды орналастыру шығысы деп есептеу қажет және 1.3-жолында көрсетіледі.

Бірақ, тамақтану үшін түпкілікті шотқа енгізілетін, бөлек төлем алынған жағдайда, онда тамақтану шығыстарына және 1.5-жолына қосылады.

1.5-жолында тамақтану шығыстарына келушілердің туристік сапары кезінде туындайтын тамақтану және сусын ішу қажеттілігін қамтамасыз ететін шығыстар жатады. Бұл санат барда, кафеде, мейрамханада, қонақ үйде, кафетерийлерде және тағы басқаларда тамақтану және сусын ішу шығыстарын, сондай-ақ супермаркеттерде, дүкендерде және тағы басқаларда тамақтану және сусын ішу шығыстарын қамтиды.

1.6-жолында дүкендерде сатып алу шығыстарына тамақтану және сусын ішуге шығыстарды қоспағанда, тұтыну тауарларын, дайындық және сапар кезіндегі барлық шығыстар жатады және өзіне киімдер, кәсіптік бұйымдар, кәдесыйлар, зергерлік бұйымдар, газеттер, кітаптар, аудиовизуальды материалдар, косметика және жеке қолдану тауарлары, дәрілер, сонымен қатар ұзақ қолданатын тауарлар (шабадан, шатырлар) және көп мақсаттағы тауарлар ( фотоаппараттар, камералар) және бұдан басқада шығыстар жатады. 1.6-жолда « Дүкендерді аралауға» өзіне тауарларға (бірақ, қызмет көрсетулер емес) жұмсалған шығыстар жатады.

1.7-жолдың белгілі бір құндылығы бар бұйымдарға өндіру немесе қолдану мақсатында қолданылмайтын, бірақ құндық запас ретінде арнайы уақыт сақталатын туристік сапар кезінде жеке қолдану немесе сыйлық ретінде алынған айтарлықтай құнды тауарларға шыққан шығындар жатады.

1.8-жолдың демалу, мәдени және спорт іс-шараларына кеткен шығыстарға театр көрсетіліміне, концерттерге, демалыс саябақтарына, мұражайларға, тарихи объектілерге және ғимараттарға, жаппай спортпен айналысу имараттарына, құмар ойындар мекемелеріне, ойынханаларға, спорт объектілеріне, көрмелерге, фестивальдарға, конгресс-орталықтарға, конференц-орталықтарға және басқаларға бару жатады.

1.10-жолдың өзге де шығыстарға жүкші, вокзалдардағы ақылы анықтамалар, сақтау камерасы, пленканы айқындау, фотографияларды шығару байланыс қызметі, интернет-кафе, елді мекеннің ішінде жүріп-тұру құны, вакцинация, медициналық бақылау және тағы басқа қызметтер жатады.

| | | |
|---|---|---|
| | Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік береді<br>Конфиденциальность гарантируется органами государственной статистики | Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2013 жылғы 12 тамыздағы № 186 бұйрығына 5-қосымша |
| | Жалпымемлекеттік статистикалық байқау бойынша статистикалық нысан<br>Статистическая форма по общегосударственному статистическому наблюдению | Приложение 5 к приказу Председателя Агентства Республики Казахстан по статистике от 12 августа 2013 года № 186 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Аумақтық статистика органға тапсырылады<br>Представляется территориальному органу статистики | Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақыт, сағат (қажеттісін қоршаңыз)<br>Время, затраченное на заполнение статистической формы, в часах (нужное обвести) | | | | | |
| Статистикалық нысанды www.stat.gov.kz сайтынан алуға болады<br>Статистическую форму можно получить на сайте www.stat.gov.kz | 1 сағатқа дейін<br>до 1 часа | 1-2 | 2-4 | 4-8 | 8-40 | 40 сағаттан артық<br>более 40 часов |

| | |
|---|---|
| Статистикалық нысан коды 0 9 7 2 1 0 3<br>Код статистической формы 0972103 | **Келушілерді зерттеу сауалнамасы** |
| H-060 | Анкета обследования посетителей |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Жылына 2 рет<br>2 раза в год | Есепті кезең<br>Отчетный период | | жарты жылдық<br>полугодие | | жыл<br>год |

| |
|---|
| Қазақстаннан шығу сәтінде әуежайларда, теміржол вокзалдарында, автостанцияларда және автомобильді өткізу бекеттерінде келушілерден (резидент еместерден) пікіртерім алынады. Опрашиваются посетители (нерезиденты) в аэропортах, на железнодорожных вокзалах, на автостанциях и на автомобильных пунктах пропуска на момент выезда из Казахстана. |
| Тапсыру мерзімі – 13 қаңтар және 5 шілде.<br>Срок представления – 13 января 5 июля |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 6. Сұхбат жүргізу күні<br>Дата проведения интервью | күні<br>число | | айы<br>месяц | | жыл<br>год | |

Құрметті респондент!

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі сауалнамаға қатысқаныңыз үшін Сізге алдын-ала алғысын білдіреді және осы сауалнаманың сұрақтарына жауап беруіңізді сұрайды. Сізден алынған деректер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жария етілмейді және тек статистикалық көрсеткіштерді есептеу үшін пайдаланылады.

Уважаемый респондент!

Агентство Республики Казахстан по статистике заранее благодарит Вас за участие в опросе и убедительно просит ответить на вопросы настоящей анкеты. Полученные от Вас данные, согласно действующему законодательству Республики Казахстан, не разглашаются и будут использованы только для расчета статистических показателей.

Құрметті респонденттер келесі сұрақтарға жауап берулеріңізді өтінеміз.
Уважаемые респонденты, пожалуйста, ответьте на нижеследующие вопросы.

1. Сапар туралы жалпы деректер
Общие сведения о поездке

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1.1. Байқау жүргізілген орынды көрсетіңіз<br>Укажите место наблюдения | 1) әуежай<br>аэропорт | ☐ | → 1.2 |
| | 2) теміржол вокзалы<br>железнодорожный вокзал | ☐ | → 1.2 |
| | 3) автостанция | ☐ | → 1.2 |
| | 4) автомобильді өткізу бекеті<br>автомобильный пункт пропуска | ☐ | → 1.2 |
| 1.2. Сапарға неше адам баратынын көрсетіңіз<br>Укажите сколько человек совершает поездку | 1) барлығы<br>всего | ☐☐ | → 1.3 |
| | 1.1) оның ішінде әйелдер<br>из них женщины | ☐☐ | → 1.3 |
| | 1.2) «барлығы» тармағынан 15 жасқа дейінгі балалар<br>из пункта «всего» дети до 15 лет | ☐☐ | |
| 1.3. Сіз соңғы 12 немесе одан көп айлар аралығында тұрған елді көрсетіңіз<br>Укажите страну в которой Вы жили в течение последних 12 или более месяцев | ☐ | | → 1.4 |
| 1.4. Қазақстанға келген жерді (ауыл, аудан, қала) көрсетіңіз<br>Укажите пункт пребывания в Казахстане (село, район, город) | ☐ | | → 1.5 |
| 1.5. Сапарда болу ұзақтығы<br>Продолжительность пребывания в поездке | 1) түнеумен (болған түндер санын көрсетіңіз)<br>с ночевкой (укажите количество проведенных ночей) | ☐☐☐ | → 1.6 |
| | 2) түнеусіз<br>без ночевки | ☐ | → 1.6 |
| 1.6. Сіздің сапарыңыздың бір негізгі мақсатын көрсетіңіз. Егер сапар бірлескен болса (демалыс және дүкен аралау), онда осы үшін Сіз сапар жасаған мақсат – негізгі болып табылады.<br>Укажите одну основную цель Вашей поездки. Если поездка была совмещенная (отдых и посещение | 1) еңбек демалысы және демалыс<br>отпуск и отдых | ☐ | → 1.7 |
| | 2) туыстар мен достарға бару<br>посещение друзей и родственников | ☐ | → 1.7 |
| | 3) білім алу және кәсіби дайындық<br>образование и профессиональная подготовка | ☐ | → 1.7 |
| | 4) емдік және сауықтыру емшаралары<br>лечебные и оздоровительные процедуры | ☐ | → 1.7 |
| | 5) дін және қажылық<br>религия и паломничество | ☐ | → 1.7 |
| | 6) дүкендерді аралау<br>посещение магазинов | ☐ | → 1.7 |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| магазинов), то основная цель поездки – это цель, без которой Вы не совершили бы поездку. | 7) транзит<br>транзит | ☐ | → 1.7 |
| | 8) іскерлік және кәсіби мақсаттар<br>деловые и профессиональные цели | ☐ | → 1.7 |
| | 9) кәсіпорынға жұмысқа орналасу<br>трудоустройство на предприятие | ☐ | → 1.7 |
| | 10) өзге де мақсаттар<br>прочие цели | ☐ | → 1.7 |
| 1.7. Көліктің негізгі түрін көрсетіңіз (көліктің негізгі түрі – бұл Сіз көбірек жол жүріп өткен көлік) Укажите основной вид транспорта (основной вид транспорта – это транспорт, на котором Вы преодолели наибольшее расстояние) | 1) әуе көлігі<br>воздушный транспорт | ☐ | → 1.8 |
| | 2) су көлігі<br>водный транспорт | ☐ | → 1.8 |
| | 3) теміржол көлігі<br>железнодорожный транспорт | ☐ | → 1.8 |
| | 4) қалааралық автобус<br>междугородный автобус | ☐ | → 1.8 |
| | 5) жеке меншік автокөлік<br>собственная автомашина | ☐ | → 1.8 |
| | 6) жалға алынған автокөлік құралдары<br>автотранспортные средства взятые на прокат | ☐ | → 1.8 |
| | 7) көлік құралдарының өзге де түрлері<br>прочие виды транспорта | ☐ | → 1.8 |
| 1.8. Көлік шығыстарының сомасын көрсетіңіз, теңге? Укажите сумму расходов на транспорт, тенге? | ☐☐☐☐☐☐☐☐☐ | | → 1.9 |
| 1.9. Сіз Қазақстан көлік компаниясының қызметін пайдаландыңыз ба? Вы пользовались услугами казахстанской транспортной компании? | 1) иә<br>да | ☐ | → 1.10 |
| | 2) жоқ<br>нет | ☐ | → 1.10 |
| 1.10. Сіз тоқтаған негізгі орналастыру орнын көрсетіңіз. Егер Сіз бірнеше орналастыру орнында тоқтасаңыз, онда көбірек болған бір ғана орналастыру орнын көрсетіледі. Укажите основное место размещения, котором Вы останавливались. Если Вы останавливались в нескольких Местах размещениях, то указывается Основное | 1) қонақ үй<br>гостиница | ☐ | → 2 |
| | 2) мотель | ☐ | → 2 |
| | 3) санаторий | ☐ | → 2 |
| | 4) туристік база<br>туристская база | ☐ | → 2 |
| | 5) демалыс үйі<br>дом отдыха | ☐ | → 2 |
| | 6) қала сыртындағы үй<br>загородный дом | ☐ | → 2 |
| | 7) туыстар немесе таныстармен тегін ұсынылған орналасу<br>размещение, предоставляемое бесплатно родственниками или знакомыми | ☐ | → 2 |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| место размещения, в котором Вы пребывали в течение наибольшего срока . | 8) жалға алынған пәтер (үй) съемная квартира (дом) | ☐ | → 2 |
| | 9) өзге де орналастыру орны (өзге де орналасу орнының атауын көрсетіңіз) прочие места размещения (укажите наименование прочего места размещения) | | → 2 |

2. Сапар кезіндегі қызмет көрсетулерге кеткен шығыстарды көрсетіңіз, теңге* Укажите расходы на услуги во время поездки, тенге

| | Атауы<br>Наименование | Қазақстан аумағындағы сапарға шығыстар Расходы в поездке на территории Казахстана |
|---|---|---|
| А | Б | 1 |
| 1. | Барлығы<br>Всего | |
| 1.1. | Орналастыру орындарында тұруға Сіз қанша төледіңіз? Сколько Вы заплатили за проживание в местах размещения? | |
| 1.2. | Көлік қызметтері төлеміне Сіз қанша жұмсадыңыз? Сколько Вы потратили на оплату услуг транспорта? | |
| 1.3. | Сіз тамақтануға қанша сома жұмсадыңыз? Какую сумму Вы израсходовали на питание? | |
| 1.4. | Дүкендерде сауда жасауға Сіз қанша сома жұмсадыңыз? Какую сумму Вы израсходовали на покупки в магазинах? | |
| 1.5. | Белгілі бір құндылығы бар бұйымдар: асыл металдар және тастар ( гауһар тас, алтын, күміс және тағы басқа), антиквариат, көркем өнер туындылары және басқа құндылықтарды сатып алуға Сіз қанша төледіңіз?<br>Сколько Вы потратили на приобретение изделий, обладающих определенной ценностью: драгоценные металлы и камни (бриллианты, золото, серебро и так далее), антиквариат, предметы художественного искусства и другие ценности? | |
| 1.6. | Рекреациялық, мәдени және спорттық іс-шараларға Сіз қанша сома жұмсадыңыз?<br>Какую сумму Вы израсходовали на рекреационные, культурные и спортивные мероприятия? | |
| 1.7. | Егер Сіз сапар кезінде емдік және сауықтыру емшараларын қабылдасаңыз, олардың құнын көрсетіңіз Если во время поездки Вы получили лечебные и оздоровительные процедуры, то укажите их стоимость | |
| 1.8. | Өзге де шығыстар<br>Прочие расходы | |

______________________

* Инвестициялық, коммерциялық және қайырымдылық сипаттағы шығыстарды қоспағанда, Қазақстанда ғана сатып алынған тауарлар мен көрсетілген қызмет құнын көрсету.

Указывать стоимость купленных товаров и полученных услуг только в Казахстане, не включая расходы инвестиционного, коммерческого и благотворительного характера.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫҢЫЗ ҮШІН АЛҒЫС АЙТАМЫЗ!
БЛАГОДАРИМ ЗА СОТРУДНИЧЕСТВО

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2013 жылғы 12 тамыздағы № 186 бұйрығына
6-қосымша

## «Келушілерді зерттеу сауалнамасы» (коды 0972103, индексі Н-060, кезеңділігі жылына 2 рет) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық

1. Осы «Келушілерді зерттеу сауалнамасы» (коды 0972103, индексі Н-060, кезеңділігі жылына 2 рет) жалпымемлекеттік статистикалық байқау бойынша статистикалық нысанды толтыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) « Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 7) тармақшасына сәйкес әзірленген және «Келушілерді зерттеу сауалнамасы» (коды 0972103, индексі Н-060, кезеңділігі жылына 2 рет) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанының толтырылуын нақтылайды.

2. Келесі анықтамалар осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында қолданылады:

1) турист - уақытша болатын елге (жерге) жиырма төрт сағаттан бір жылға дейінгі кезеңге келетін және ақылы қызметпен айналыспай, сол елде (жерде) сауықтыру, танымдық, кәсіби-іскерлік, спорттық, діни және өзге де мақсаттарда кемінде бір рет түнейтін жеке тұлға;

2) экскурсант - уақытша болатын елдегі (жердегі) туристік ресурстарды танымдық мақсатта жиырма төрт сағаттан аспайтын уақытқа барып көретін жеке тұлға.

3. Ақпаратты келушілерді жеке сұрастыру негізінде кездейсоқ іріктеме әдісімен осы зерттеуді жүргізуге уәкілетті тұлғалар жинайды.

4. Келушіге өзінің әдетте тұратын жерінен тыс орналасқан қандай-да бір негізгі орынға бір жылдан аз мерзімге елде тіркелінген кәсіпорынға жұмысқа орналасу мақсатынан басқа, кез-келген мақсатта (іскерлік сапар, демалыс немесе өзге де жеке мақсат) сапар жасайтын саяхатшы жатады.

Келуші (ішкі, келу және шығу) турист (немесе түнеуші) және біркүндік келуші (немесе экскурсант) ретінде жіктеледі.

Сондықтан келушілер турист (немесе түнеуші келуші) және біркүндік келуші (немесе экскурсант) болып бөлінеді.

Келушілер санынан келесі тұлғаларды алып тасталынады:

1) болу елінде тіркелінген, кәсіпорынға жұмысқа орналасу мақсатымен шекарадан өту кезінде;

2) шетелге қатынайтын көлік құралдарына қызмет көрсететін персонал;

3) өз тұрақты тұратын елін ауыстыратындар.

1.6-тармақтың 1-тармақшасындағы еңбек демалысы және демалыс көрнекті орындарды тамашалау, табиғи және көркемөнер объектілеріне, спорт немесе мәдени іс-шараларға бару, спорт түрлерімен кәсіби емес тұрғыдан (шаңғы, атпен серуендеу, гольф, теннис, су астында жүзу, серфинг, жаяу жорықтар, бағдарлар, альпинизм және тағы да басқалар) айналысу, жағажайларда демалу, жүзу бассейндерін және демалу мен ойын-сауықтың кез-келген орындарын пайдалану, круиздер, құмарлық ойындар, жастардың жазғы лагерьлеріне бару, демалыс үйлері, бал айын өткізу, таңдаулы мейрамханаларға бару, меншігіндегі немесе үй шаруашылығынан жалға алынған саяжай үйлерінде болу және тағы басқаларды қосады.

1.6-тармақтың 2-тармақшасындағы туыстар мен туыстарға баруда туыстар мен достарға бару, үйлену тойларына, жерлеу немесе кез-келген басқа отбасылық іс-шараларға бару, науқастарды немесе қарттарды қысқа мерзімді күту көрсетіледі.

1.6-тармақтың 3-тармақшасындағы білім алу және кәсіби дайындыққа жұмыс беруші немесе басқа да ұйымдар (тұлғалар) төлейтін қысқа мерзімді курстарға ( бір жылдан аз) бару; (оқудың нақты бағдарламасынан өту (ресми немесе бейресми) немесе) ақылы оқу, тілді меңгеру, кәсіби немесе басқа да арнайы курстар, ғылыми демалыстар және тағы басқаларды қоса, ресми курстар көмегімен арнайы дағдыларды үйрену жатады.

1.6-тармақтың 4-тармақшасындағы емдік және сауықтыру емшараларына ауруханадан кейінгі емдеуді аяқтау үшін және медициналық пен әлеуметтік мекемелердің неғұрлым жалпы спектрі үшін аурухана, клиника, шипажай қызметтерін алу, медициналық жабдықтар мен қызметтерді қолдану арқылы косметологиялық хирургияны қоса, медициналық кеңес беруге негізделген, медициналық қызметтерді алу үшін теңіз, -спа және басқа курорттарға, сондай-ақ басқа да мамандандырылған мекемелерге бару жатады.

Емдік және сауықтыру емшаралары емдеу мекемесінде бір жыл немесе одан көп болуды талап ететін ұзақ емделу туризм саласына жатпайтындықтан, бұл санат тек қысқа мерзімді емделуді қамтиды.

1.6-тармақтың 5-тармақшасында діни жиындар мен іс-шараларға қатысу, қажылық көрсетіледі.

1.6-тармақтың 6-тармақшасындағы қайта сату немесе келешекте қандай да бір өндірістік үдерісте пайдалану үшін (бұл жағдайда іскерлік және кәсіби мақсаттар айтылып отыр) тауарларды сатып алуды қоспағанда, жеке тұтыну немесе сыйлықтар үшін тұтыну тауарларын сатып алу көрсетіледі.

1.6-тармақтың 7-тармақшасындағы транзит басқа жерге барудың жалғасын қоспағанда, қандай да арнайы мақсатсыз кез-келген орынға тоқтау деп түсіндіріледі.

1.6-тармақтың 8-тармақшасындағы іскерлік және кәсіби мақсаттар өз бетімен жұмыспен қамтылған тұлғалардың және жолдамалы қызметкерлер қызметі, егер ол қызметте баратын елде немесе жерде өндіруші-резидентпен еңбек жалгерлік қатынастың накты болуы немесе соны білдіретін белгілері болмаса, сондай-ақ инвесторлардың бизнесмендердің қызметін есепке алады.

Іскерлік және кәсіби мақсаттарға кеңестерге, конференцияларға, жәрмеңкелерге және көрмелерге қатысу, дәрістер оқу, концерттер, қойылымдар мен спектакльдер қою, ғылыми қолданбалы немесе түбегейлі зерттеулерге қатысу, тауарлар мен қызметтерді жарнамалау туристік саяхаттар бағдарламаларын құру, орналастыру және көлік қызметтері бойынша қызметтерді ұсынуға шарттар жасау, (кәсіби спорттық іс-шараларға қатысу, ресми немесе бейресми кәсіби дайындық курстарына өндірістен қол үзбей қатысу, жеке көлік құралдарында (корпоративті ұшақ, яхта) экипаж/команда құрамында жұмыс жатады.

1.6-тармақтың 9-тармақшасындағы жұмысқа орналасу негізгі мақсаты кәсіпорынға жұмысқа орналасу және жұмыс шығындарына өтемақыны алу болып табылатын саяхатшы жасаған сапар ретінде танылады.

1.6-тармақтың 10-тармақшасындағы сапарлардың өзге де мақсаттарына еріктілер ретінде (басқа санаттарға қосылмаған) жұмыс істеу, көші-қон және жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін зерделеу, басқа санаттарға қосылмаған уақытша төленбейтін қызметтердің кез-келген басқа да түрлерін жүзеге асыру жатады.

5. Шығыстар бабын толтырғанда шамамен алғандағы соманы көрсетуге болады.

Келу туризмінде баж салығы салынбайтын тауарларға кететін шығыстарға туризмге кеткен шығыстар жатады, егер осы сатып алу Қазақстан аумағында жасалса. Қазақстанға кіруге дейін сатып алынған тауарларға кеткен шығыстар алып тасталады.

Туристік сапардағы шығындарға әрбір тәсілмен жүргізілетін төлемдер жатады: қолма-қол ақшаға, кредиттік карта, жол немесе жеке чек, шотты тікелей ұсыну, электрондық аударым, сондай-ақ басқа тұлға немесе ұйым, мысалы, егерде осы тұлға (ұйым) келген елдің резиденті болмаса, сіздің жұмыс берушіңіз

төлейтін шығындар.

Кейбір туристік сапарда орын алған кейбір сатып алулар туристік шығыстардан алынып тасталады:

1) коммерциялық мақсаттар үшін сатып алулар, яғни қайта сатуға немесе келушілердің кез-келген санаты жүзеге асыратын өндірістің факторы ретінде, сондай-ақ өз жұмыс берушісінің атынан іскерлік сапарда келуші жүргізген сатып алулар;

2) келушілер жерге, тұрғын үйлерге, жылжымайтын мүлікке және өзге де маңызды сатып алынатын заттарға (автомашина, автофургон, катер, екінші үй сияқты) қатысты жүзеге асыратын капитал салымдары немесе мәмілелер, егер олар болашақта туризм мақсатында пайдаланылса да;

3) қандай да бір туристік тауарға немесе қызметті төлеуге кірмейтін, демалыс сапары кезінде туыстарға немесе таныстарға берілетін қолма қол қаражат; сондай-ақ қайырымдылық жарналар.

6. 1-бөлімнің 1.7 және 1.8-тармақтарда халықаралық тасымалдарға көлік түрлері және көлік шығындары, яғни Қазақстанға кіру немесе Қазақстаннан шығу кезінде респондент қандай көлік түрін пайдаланғаны көрсетіледі.

2-бөлімнің 1.2-жолында көлік шығыстарына Қазақстан аумағындағы туристік сапарлар барысында жұмсалған шығыстар жатады, мысалы келген жерінен бастап экскурсиялар; сондай-ақ баратын жерлерге саяхат және басқалары. Осы санатқа мыналар жатады:

1) қоғамдық көлікте (ұшақ, теплоход, автобустар және таксиде) жол жүру билеті және ұқсас алымдар;

2) жеке меншік көлікпен байланысты сапар кезіндегі жанармай және басқа да пайдалану шығыстары;

3) автокөлік құралдарын жөндеу және қосалқы бөлшектер сатып алу;

4) автокөлік құралдарын жалға алу;

5) тұрақ үшін төлем, ақылы автожолдардағы алым, әуежай және ұқсас алымдар.

Қоғамдық көлік құралына жол жүру билетінің құнына тамақтандыру енгізілген жағдайда, толық құнды көліктік шығысқа жатқызу қажет (1.2-жол). Тамақтану бөлек төленген жағдайда, оның құнын тамақтану және сусын ішу шығысына және 1.3-жолына жатқызу керек.

Коммерциялық орналастыру құнына келушінің таңғы асты пайдаланғанына немесе пайдаланбағанына қарамастан, таңғы ас тиісті тарифтің ажырамас бөлігі ретінде кірсе, жалпы құнды орналастыру шығысы деп есептеу қажет және 1.1-жолында көрсетіледі.

Бірақ, тамақтану үшін түпкілікті шотқа енгізілетін, бөлек төлем алынған жағдайда, онда тамақтану шығыстарына және 1.3-жолына қосылады.

1.3-жолында тамақтану шығыстарына келушілердің туристік сапары кезінде туындайтын тамақтану және сусын ішу қажеттілігін қамтамасыз ететін шығыстар жатады. Бұл санат барда, кафеде, мейрамханада, қонақ үйде, кафетерийлерде және тағы басқаларда тамақтану және сусын ішу шығыстарын, сондай-ақ супермаркеттерде, дүкендерде және тағы басқаларда тамақтану және сусын ішу шығыстарын қамтиды.

1.4-жолында дүкендерде сатып алу шығыстарына тамақтану және сусын ішуге шығыстарды қоспағанда, тұтыну тауарларын, дайындық және сапар кезіндегі барлық шығыстар жатады және өзіне киімдер, кәсіптік бұйымдар, кәдесыйлар, зергерлік бұйымдар, газеттер, кітаптар, аудиовизуальды материалдар, косметика және жеке қолдану тауарлары, дәрілер, сонымен қатар ұзақ қолданатын тауарлар (шабадан, шатырлар) және көп мақсаттағы тауарлар ( фотоаппараттар, камералар) және бұдан басқада шығыстар жатады. 1.4-жолда « Дүкендерді аралауға» өзіне тауарларға (бірақ, қызмет көрсетулер емес) жұмсалған шығыстар жатады.

1.5-жолдың белгілі бір құндылығы бар бұйымдарға өндіру немесе қолдану мақсатында қолданылмайтын, бірақ құндық запас ретінде арнайы уақыт сақталатын туристік сапар кезінде жеке қолдану немесе сыйлық ретінде алынған айтарлықтай құнды тауарларға шыққан шығындар жатады.

1.6-жолдың демалу, мәдени және спорт іс-шараларына кеткен шығыстарға театр көрсетіліміне, концерттерге, демалыс саябақтарына, мұражайларға, тарихи объектілерге және ғимараттарға, жаппай спортпен айналысу имараттарына, құмар ойындар мекемелеріне, ойынханаларға, спорт объектілеріне, көрмелерге, фестивальдарға, конгресс-орталықтарға, конференц-орталықтарға және басқаларға бару жатады.

1.8-жолдың өзге де шығыстарға жүкші, вокзалдардағы ақылы анықтамалар, сақтау камерасы, пленканы айқындау, фотографияларды шығару байланыс қызметі, интернет-кафе, елді мекеннің ішінде жүріп-тұру құны, вакцинация, медициналық бақылау және тағы басқа қызметтер жатады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК